


ЖАСТАР СМАРТФОННАН БАС ТАРТА АЛА МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



СУЫРЫПСАЛМА СУРЕТШІ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ ҚОЙЫЛЫМДАР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл.

Қадыр Мырза ӘЛИ

№142
(4886)
Сейсенбі
2 желтоқсан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЛИЗИНГКЕ КӨЛІК БЕРІЛЕДІ

Қазақстанда жеке тұлғаларға көлікті лизинг арқылы беру тетігі іске қосылды.

Лизинг – ұзақ мерзімге автокөлікті, жабдықты немесе техниканы жалға беру түрі. Лизинг компаниясы белгілі бір мүлікті сатып алып, оны адамдарға өзара келіскен мерзімге пайдалануға береді. Жалға алушы сол мүлікті ай сайын немесе келісім бойынша төлем жасап пайдалана алады. Мерзім аяқталған соң үш түрлі таңдау беріледі: мүлікті толық сатып алу – барлық төлем жасалғаннан кейін көлік меншігіңізге өтеді; мүлікті қайтару – мерзім біткен соң көлікті лизинг компаниясына қайтарасыз; жаңа мүлікке ауыстыру – ескі көлікті қайтарып, жаңасын лизинг арқылы аласыз.


БИЫЛ АСТЫҚ МОЛ БОЛДЫ

«Қазақстан темір жолы» АҚ деректері бойынша 2025 жылғы қыркүйектен 27 қарашаға дейін 3,1 млн тонна астық экспортқа шығарылған.

Қазақстан астығының экспорт тасымалы: Өзбекстанға – 32,8%-ға (1066 тоннадан 1416 тоннаға дейін), Қырғызстанға – 2 есе (44 мың тоннадан 90 мың тоннаға дейін), Ауғанстанға – 28,8%-ға (139 мың тоннадан 179 мың тоннаға дейін) артқан. Өткен жылдың осы кезеңінде Қазақстанннан 2,7 млн тонна дән экспортталған еді.

Сұлтан СЕЙІТ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ



3

ТАЗАЛЫҚ САҚШЫЛАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында биыл көптеген іс-шара ұйымдастырылып, адал еңбегімен еленген жұмысшылардың мәртебесі сан мәрте көтерілді. Елордада «Астана Тазалық» кәсіпорны жұмысшылары әрдайым үздіктер қатарынан көрініп келеді.



7


1 желтоқсаннан бастап Астана қаласындағы кезекші халыққа қызмет көрсету орталықтарының мекенжайы өзгерді.

Кезекші мамандандырылған ХҚКО-ларда өтініштер жұмыс күндері 09:00-18:00 аралығында қабылданып, дайын құжаттар 20:00-ге дейін беріледі. Сенбі күні өтініштер 09:00-12:00 аралығында қабылданып, дайын құжаттар 13:00-ге дейін беріледі. Елордада мекенжайы өзгерген Халыққа қызмет көрсету орталықтары: Есіл ауданының №1 бөлімі – Мәңгілік ел даңғылы, 30; Алматы ауданының №1 бөлімі – Қ.Сәтпаев көшесі, 25; Астана қаласының №1 МХҚО – С.Мұқанов көшесі, 2.

ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫ КҮРТ ӨСТІ

Елімізде тұрғын үй қымбаттап жатыр. «Крыша» порталының мәліметінше, Астана қарашада бірінші орынға шықты – мұнда тұрғын үй бағасы бір айда 5,8 пайызға өсті.

Тұрғын үйдегі шаршы метрдің бағасы еліміздің 12 қаласында өсіп отыр. Елордадан бөлек, Алматы (2,4 пайыз) мен Ақтөбеде (2,3 пайыз) баспана айтарлықтай қымбаттаған. Ал Ақтау, Петропавл, Орал қалаларында пәтер бағасы едәуір төмендеген. Жалпы көрсеткіш бойынша ең қымбат пәтерлер Алматы қаласында (шаршы метрі – 786003 теңге), Астанада (шаршы метрі – 571678 теңге) және Шымкентте (шаршы метрі – 470990 теңге) тіркелген. Ал ең арзан жылжымайтын мүлік Қызылорда (262298 теңге), Тараз (314678 теңге) бен Ақтөбе (317550 теңге) қалаларынан табылады.



№142 (4886) 02/12/2025 Сейсенбі

ТАБЫСТЫ ӨТУІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші сайлауының табысты өтуімен құттықтады. Мемлекет басшысы бұл айтулы саяси оқиғаның нәтижесі Қырғызстанды одан әрі дамыту жолындағы стратегиялық міндетті орындаудың батыл қадамы саналатынын атап өтті.



«Парламент сайлауы Сіздің қуатты әрі өркендеген ел құру бағдарыңыз халықтың жаппай қолдауына ие болғанын көрсетті. Стратегиялық серіктестік пен одақтастық сипатындағы қазақ-қырғыз қатынастары қарқынды дамып келеді. Ғасырлардан тамыр тартатын достығымызға, тату көршілік байланысқа және өзара қолдауға арқа сүйей отырып, жетістіктерімізді еселей түсетінімізге әрі Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығаратынымызға сенімдімін» деп жазды Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың бауырлас қырғыз халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.

БАЛАЕВА ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР БОЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Аида Балаева Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі лауазымына тағайындалды. Бұл туралы Ақорданың ресми Telegram-арнасы хабарлады. Осылайша Аида Балаева әлеуметтік саланы бақылауында ұстайтын болады. Жалпы Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің бес орынбасары бар.

ЖЕЛТОҚСАНДА БАҒА ҚАЛАЙ?

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен инфляцияны тұрақтандыру жөніндегі кезекті кеңесте азық-түлік бағасын ұстап тұруға бағытталған қолданыстағы және желтоқсан айына жоспарланған іс-шаралар қаралды.

Қарашаның алғашқы үш аптасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға өсімі 0%-ды құрады. Желтоқсан – дәстүрлі түрде тұтынушылық сұраныс артатын кезең. Жиынға қатысушылар супермаркеттер мен базар сөрелерінде сұранысы жоғары тауарлардың жеткілікті болуы және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге қажетті іс-шаралар кешенін талқылады.

Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін уақытша кеңейту туралы жобаны әзірледі. Тізім бағасы жиі құбылатын тауарлармен толықты. Құжат келісу сатысында. Жақын күндері бизнес-қоғамдастықпен және «Атамекен» ҰКП-мен егжей-тегжей талқылаулар өтеді. Өңірлерде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері жалғасуда: биыл 5 мыңнан астам жәрмеңке өтті және олар демалыс сайын ұйымдастырылады.

Желтоқсан айында сауда желілерімен бірлесіп, республикалық «Береке fest» акциясы қайта өткізілмек. Сонымен қатар жергілікті әкімдіктер тауарлардың кең таңдауын қолжетімді бағамен ұсыну мақсатында жаңа жыл алдында жәрмеңкелер ұйымдастырады. Импорттық азық-түлікке деген маусымдық жоғары сұранысты ескере отырып, Сауда комитеті ірі импорттаушылар мен азық-түлік жеткізушілерінің пулын қалыптастырды. Жақын уақытта олармен желтоқсан айында сұранысы жоғары тауарлардың баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесулер өтеді.

Баға мониторингі кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Сауда және интеграция министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, баға мониторингін тұрақты жүргізуді және жағдайға жедел әрекет етуді тапсырды.





ЕЛОРДАЛЫҚ ҰСТАЗДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалу барысына мониторинг жүргізу мақсатымен Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған сенаторлар елордадағы №107 жайлы мектепке, Республикалық физика-математика мектебіне және KIS Astana халықаралық мектебіне барып, ұстаздармен кездесті. Бұл туралы Сенат төрағасы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Жалпы, соңғы жылдарда елімізде білім және ғылым саласына, оның ішінде орта білім беруге үлкен көңіл бөлініп келеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. Оның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған нысандар да бар» деп жазды М.Әшімбаев.

Кездесулерде педагогтармен Мемлекет басшысы Тамыз конференциясында белгілеп берген басымдықтарды және саладағы маңызды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ сенаторлар білім ордаларындағы мамандандырылған кабинеттердің, STEM зертханалардың, Apple сыныбының қызметімен және оқушылардың IT-HUB, робототехника, ЖИ саласындағы жұмыстарымен танысты.

«Білім беру – тәрбиемен қатар жүретін үдеріс. Сондықтан қазіргідей цифрлық өзгерістер және жасанды интеллект дәуірінде жас ұрпақтың бойына дұрыс құндылықтарды сіңіру, ұлттық кодты сақтау өте өзекті. Мұғалімдермен жүздесуде осы бағытқа назар аударып, жас буынды рухани дамыту, жаңа әлемге бейімдеу, бәсекеге қабілетті ұрпақ етіп қалыптастыру мәселелерін талқыладық. Сондай-ақ Абайдың «Толық адам» философиясы мен Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасына негізделген және ұлттық бірегейлікке табан тіреген білім берудің жаңа моделі жөнінде де пікір алмастық. Сенаторлар алдағы уақытта да Мемлекет басшысы жүктеген міндеттердің сапалы іске асырылуына бақылау жүргізу бағытындағы жұмысты жалғастыра береді. Мұндай қадам нақты салалардың дамуына оң септігін тигізеді деп сенеміз» деп сөзін түйіндеді М.Әшімбаев.

КІНӘЛІЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Үкімет аппараты азаматтардың дербес деректерін қорғауға қатысты сауалды қарап, тиісті іс-шаралар қабылданып жатқанын хабарлады. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев мәлімдеді.

«Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі – дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган. Ведомство жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарайды, жоспардан тыс тексерулер жүргізеді және дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қабылдайды» деді ол.

Оның айтуынша, дербес деректерді заңсыз пайдаланганы үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 79-бабында және 641-бабының 1) тармақшасында әкімшілік жауапкершілік, ал Қылмыстық кодекстің 147-бабында қылмыстық жауапкершілік көзделген.

«2025 жылдың басынан бастап уәкілетті орган дербес деректерді қорғау саласындағы заңнаманың сақталуына 69 жоспардан тыс тексеру жүргізді. Оның нәтижесінде жалпы 10665350 теңге көлемінде айыппұл салынып, 22 заңды және лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды» деп атап өтті министр.

Сонымен бірге ол «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңды бұзғаны үшін субъектіге бармай-ақ, 1248410 теңге сомасына 17 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын айтты.



ҮЗДІК ЖҰМЫСШЫЛАР ҮКІЛЕНДІ

Астанада өткен жұмысшы мамандықтар арасындағы кәсіби шеберлік конкурсы үздіктерді анықтады. Байқау «Жұмысшы мамандықтар жылы» мен «Үздік» жобасының аясында ұйымдастырылып, қалалық әкімдік пен «Астана жастары» орталығының қолдауымен коммуналдық және техникалық салада еңбек ететін қызметкерлерді біріктірді.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Іс-шарада «Астана Тазалық» ЖШС мамандары ерекше көзге түсті. Сайысқа 35 жасқа дейінгі, арнайы техникада жұмыс істеуге рұқсаты бар, кәсіби дайындығы дәлелденген 20 жас маман қатысты. Тапсырмалар өндірістегі шынайы жағдайларға жақындатылып дайындалған. Екі негізгі номинация бойынша үздік нәтиже көрсетіп, биылғы байқаудың басты жеңімпаздары атанды. Нұрдәулет Әбіш «Үздік механизатор-2025» атағын иеленсе, Сүндет Қойбағаров «Үздік жүк көлігі жүргізушісі-2025» номинациясында топ жарды. «Үздік механизатор-2025» санатында техниканы дұрыс баптау, оған қызмет көрсету және басқару қабілеті бағаланды. Ал «Үздік жүк көлігі жүргізушісі-2025» байқауында ауыр техника жүргізудегі шеберлік, қауіпсіздік талаптарын сақтау және маневрлердің нақтылығы шешуші болды.

«Астана Тазалық» қызметкерлерінің осы жеңісі коммуналдық сала мамандарының кәсіби деңгейін айқын көрсетті. Қала тазалығын қамтамасыз етіп жүрген қызметкерлердің техниканы меңгеруі, жұмысқа ұқыпты қарым-қатынасы мен жинақталған тәжірибесі олардың үздік тұғырға шығуына негіз болды.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН



«Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» дүниежүзілік акциясына орайластырылған тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша семинар-тренинг өтті.

Іс-шараны орталықтың азаматтарды құқықтық қамтамасыз ету және заңгерлік көмек көрсету бөлімі мен психологиялық көмек бөлімі бірлесіп ұйымдастырды. Мақсат – құқықтық сауаттылықты арттыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және дәстүрлі отбасы құндылықтарын нығайту.

Астана қаласы Полиция департаменті тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Алмагүл Исмағұлованың айтуынша, азаматтардың құқығын қорғау – басты міндет.

«Біз күн сайын тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жағдайларға тап боламыз. Адамдар қайда жүгіну керегін, заңда олардың қорғалуына арналған қандай шаралар бар екенін білуі өте маңызды» деді ол.

«Үміт» дағдарыс орталығы директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Айгүл Шамшатова әлеуметтік қолдау мүмкіндіктері туралы ақпаратпен таныстырды. Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының бас инспекторы Талғат Мұшанов құқықтық ағартудың маңызына тоқталды. «Әкелер одағы» РҚБ қалалық филиалының төрағасы Бекдайыр Күзембай отбасының қоғамдағы рөлі туралы әңгімеледі. Психологтар эмоцияны басқару, уытты және қауіпті жағдайларды анықтау, қауіпсіз мінез-құлық стратегияларын меңгеру бойынша тренинг жүргізді. Заңгер-мамандар қатысушылардың құқығын қорғау, сот тәжірибесі, қорғаныс ұйғарымдарын алу тәртібі және қолжетімді қолдау сервистері туралы сұрақтарына жауап берді. Осы бағыттағы іс-шаралар қоғамда зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға және отбасы институтын нығайтуға ықпал етеді. «Жанұя» орталығы қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарды қолдау және профилактикалық бағдарламаларды дамыту бойынша жұмысын жалғастырады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ТҮСІНДІРДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Қаржы мониторингі агенттігінің Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеулер департаменті жоғары оқу орындары мен колледж студенттерімен, сондай-ақ түрлі еңбек ұжымымен тұрақты түрде кездесіп, ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп келеді.



Мұндай бастаманың негізгі мақсаты – елордалық тұрғындардың құқықтық мәдениетін көтеру және қаржылық сауаттылығын арттыру. Осы жолғы кездесу кәсіпкерлер ортасына арналды. Департамент қызметкерлері елордалық Кәсіпкерлер палатасының мамандарымен жүздесіп, қаржылық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударды. Іс-шара барысында Экономикалық тергеулер департаментінің аға жедел уәкілі Нұрғали Аязов қатысушыларға қаржылық қауіпсіздіктің басты қағидаларын түсіндірді. Ол алаяқтардың кең тараған схемаларын, қаржы пирамидаларына тарту әдістерін, дропперлік әрекеттердің қауіпті салдарын нақты мысалдармен көрсетті. Сонымен бірге күмәнді ұсыныстардан қалай сақтану керектігі және қиын қаржылық жағдайға тап болғанда қандай қадамдар жасау қажеттігі туралы практикалық кеңестер берді.

МӘМС ҚЫЗМЕТІ КЕҢЕЙДІ

Астаналықтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен қамтылуы талқыланды. Жиын елорда әкімінің орынбасары Ерік Мейірханның төрағалығымен өтті.

Астана қаласы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ филиалының директоры Гүлжан Шайхыбекованың мәліметінше, елордада МӘМС жүйесімен қамту деңгейі 84,6%-ды құрайды, ал 15,4% немесе 256672 адам жүйеден тыс қалып отыр. Соңғы екі айда сақтандырылмағандардың саны 18 мың адамға өскен. Бұл көрсеткіштің артуы халықтың жоғары көші-қонына байланысты. Қор филиалы басшысының айтуынша, сақтандырылмағандардың қатарында 12 ай бойы жарна төлемегендер – 132 мың адам, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 8 мың, жалдамалы жұмысшылар – 91 мың, жеке кәсіпкерлер – 26 мың адам бар.

МӘМС және медициналық қызмет көрсетуге қатысты заңнамалық өзгерістерге сәйкес, жиында сақтандырылмаған тұлғалар үшін медкөмектің қолжетімсіз болу қаупі айтылды. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап МӘМС пакеті әлеуметтік маңызы бар 24 ауру тобы және динамикалық бақылауды қажет ететін аурулар бойынша кеңейтілді. Бүгінде амбулаторлық деңгейде тегін дәрі-дәрмек алып жүрген халықтың шамамен 10%-ы жыл соңына дейін сақтандырылған мәртебеге ие болуы қажет.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылғы 12 желтоқсан сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. «Астана кәсіпкерлігі» кәсіпкерлікті дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» шеңберінде елордаға шетелдік және отандық инвестицияларды мақсатты түрде тарту арқылы елорданың қолайлы инвестициялық және бизнес-ахуалын жақсарту.

2. 2026-2028 жылдарға арналған Астана қаласы бюджетінің жобасы туралы.

3. Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның есебі.

4. Астана қаласы мәслихаты төрағасының 2024 жылғы атқарылған жұмыс туралы есебі.

5. «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №129/16-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №130/16-VIII шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

7. Астана қаласы мәслихатының 2026 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.

8. Қалалық мәслихат сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

9. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

10. Басқа да мәселелер.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП – БАСТЫ НАЗАРДА

Қоғамдық тәртіпті қадағалау бойынша бас қалада профилактикалық жұмыс күшейді. Қылмыс жиі тіркелетін ойын-сауық орындарының маңында патрульдеу артты.

Астана қаласының прокуратурасы бүгінгі таңда Оперативтік басқару орталығына 15039 бейнекамера қосылғанын, қосымша 2000 камера криминогенді учаскелерге орнатылып жатқанын мәлім етті.

«Осы жылдың өткен кезеңінде елордада 38 құқық бұзақылық фактісі тіркелген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12%-ға аз. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық құдалау басқармасының прокуроры Саяхат Сұлтанов айтып берді.

«38 істің 24-і тергеп-тексерумен аяқталған, 9 адамға үкім шығарылды. Оның 3-еуі 5 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылды. Қалған материалдар тергеуде» деді спикер.

Прокуратура деректеріне сәйкес, бұзақылықтың 42%-ы (38 істің 16-сы) топпен жасалған. Күдіктілердің басым бөлігі – 14 пен 47 жас арасындағы ер адамдар. Олардың ішінде жұмыссыздар мен бұрын сотталғандар көп. Бүгінгі таңда прокуратура бастамасымен қаладағы халық тығыз шоғырланатын жерлерге тұлғаларды тану функциясы бар 972 камера орнатылған.

№142 (4886) 02/12/2025 Сейсенбі





ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов Железнодорожный елді мекенінің тұрғындарымен кездесті.

«Ашық микрофон» форматында өткен жүздесуде әрбір тұрғын өзін толғандырған келелі мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын айтуға мүмкіндік алды. Іс-шараға Астана қаласы мәслихатының депутаты Азамат Айтхожин, сондай-ақ жауапты басқармалардың, құқық қорғау органдарының, коммуналдық және сервистік қызметтердің өкілдері қатысты.

2025 жылы тұрғын алапта қалалық ортаны жақсартуға бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылды. Жолдағы шұңқырлар жөнделді, 11 көшеге фрезерлік материал төселіп, жылы аялдамалар жаңартылды, автобустарға арналған айналма алаң абаттандырылды. А1 көшесін реконструкциялау және жол инфрақұрылымын дамыту бойынша жобалық жұмыстар жалғасуда.

Биыл Железнодорожный елді мекенінің тұрғындары үшін Керегетас және Т.Әубәкіров көшесінің қиылысында жаңа сквер пайда болды. Сондай-ақ Иманов көшесіндегі сквер жаңартылып, бұл жерге жаңа шағын архитектуралық сәулет туындылары орнатылды, жол жөнделді. 480-нен астам ағаш отырғызылды, ұзындығы 950 метр тротуар салынды.

– 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Алдағы жылы аудан аумағындағы Маяковский көшесіндегі сквердi жаңарту, ауланы абаттандыру, Орбұлақ көшесіндегі жаңа балалар алаңын қайта қалпына келтіріп, қосымша ағаш отырғызу жоспарда бар, – деді Рүстем Тәуекелов.

Ауданның қоғамдық көлік қызметі жақсарды. Бүгінгі таңда елді мекенге №15, 15А, 22 және 22А маршруттары қатынайды. 2026 жылдың қаңтарында №76 жаңа бағытты іске қосу жоспарланған. Байланыс және интернет желілері жаңғыртылып, «Транстелеком» АҚ Маяковский көшесінің бойындағы 700-ден астам абонентті жоғары жылдамдықты ғаламторға қосты.

Тұрғын алапта азаматтардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында бейнебақылау камералары біртіндеп орнатылып жатыр. Биыл 75 камера орнату жоспарланса, оның 8-і жол бөлігінде, 21-і тұрғын үйлерде орнатылды. Жыл соңына дейін тағы 46 бейнекамера орнату көзделіп отыр.

Железнодорожный елді мекені үшін биыл Жабаев көшесі 23/1 үйдің бойындағы газ блокты-модульді қазандықтың құрылысын аяқтау маңызды оқиға болды. Оған 13 тұрғын үй және алты әлеуметтік нысан, атап айтсақ, балабақша, медициналық амбулатория, Bilim Park және мешіт қосылды.

Газдандыру жұмыстары жалғасуда: 446 абонент QAZAQGAZ AIMAQ жүйесіне қосылды. Келесі кезекте дене шынықтыру-сауықтыру кешені 2026 жылы газдандырылады. Құрылысы ұзаққа созылған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жұмыстар қайта басталды, нысанның инженерлік жүйелерін қалыпқа келтіру қолға алынып, шатыр, желдету, ішкі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ғимаратта полицияның тірек пункті, белсенді ұзақ өмір орталығы және халыққа қызмет көрсету орталығы орналасады.

АСТАНА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында Астана қаласының Полиция департаменті С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде «Астана – есірткісіз қала!» атты профилактикалық акция өткізді. Негізгі мақсат – студенттердің өмірлік ұстанымын дұрыс қалыптастыру, есірткі қолдануға қарсы айқын көзқарас орнықтыру, саналы, қауіпсіз және салауатты таңдау мәдениетін дамыту.



Райхан РАХМЕТОВА

Акцияға студенттермен қатар танымал спортшылар, қоғам қайраткерлері қатысты. Қонақтар қатарында әлем чемпиондары, рекордшылар, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, кәсіпкерлер, ұлттық құрамалардың жаттықтырушылары, психикалық денсаулық саласының мамандары және Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері болды. Атап айтқанда, әйгілі спортшылар – кәсіпқой боксшы Ангелина Лукас, ауыр атлет, төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин, кәсіби ММА спортшысы Василий Тахтай, Қазақстанның фуллконтакт каратэ ұйымының вице-президенті Нұрсұлтан Әлиақбаров, кәсіпкер және блогер Әли Ермағамбет, психиатр-дәрігер Русалина Молдахметова келіп, жеке өмірлік тәжірибесін айтты және студенттермен ашық форматта әңгімелесті. Әсіресе, танымал спорт майталмандарының спортты бала кезден серік етіп, талмай еңбектенудің арқасында әлемдік деңгейде талай шыңды бағындырғаны туралы айтқан әңгімесін жастар ұйып тыңдады. Спортшылар жастар алдына шығып, тек насихат айтпай, балалық шағының қалай өткені, өмірде қандай қиындықтарға кезіккені, соның бәрін тек адал еңбекпен, мықты күш-жігермен ғана жеңгенін шынайы баяндады.

Іс-шара барысында студенттерге тақырыптық бейнероликтер көрсетілді, нарколог-дәрігер дәріс өткізді. Жастар кинология қызметі орталығы мен полицияның Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының қару-жарағы және кәсіби дағдыларын қамтыған көрсетілімді тамашалады.

– Жыл басынан бері елорда полицейлері мектеп оқушыларын, студенттерді, жас спортшыларды, волонтерлерді, жастар бірлестіктерінің өкілдерін қамти отырып, 600-ден астам профилактикалық кездесу өткізді. «Астана жастары» ұйымымен бірлесіп өткізілген акциялар аясында жастардың қатысуымен 2500-ден астам есірткі жарнамасы салынған граффити боялып, есірткі туралы ақпарат тарататын сайттар бұғатталды. Елорда жастары профилактикалық жұмыстарға белсенді қатысып, өздерінің салауатты әрі қауіпсіз өмір салтын таңдауға дайын екенін көрсетуде, – дейді Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Дамир Байбазаров. Аға жедел уәкіл акция соңында жастарды қатыстыра отырып, есірткі қылмысына қатысты баптар бойынша білімін сынайтын викториналық ойын өткізді. Дұрыс жауап берген студенттер сахнаға шығарылып, түрлі сыйлықтарға ие болды.

Білім беру ұйымдары, кәсіби қауымдастық және медиа тұлғалардың күш біріктіруі арқылы өткен іс-шара жастардың бойында құқықтық сананы нығайтуға және жауапкершілігін арттыруға септік етті.



ЕРЕКШЕ ЧЕЛЛЕНДЖ ӨТТІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Нұра ауданының Орталық паркінде «Заң және тәртіп» қағидаты аясында «Қызғылт сары үнсіздік челленджі» атты қоғамдық үнсіз акция өтті. Іс-шара Нұра аудандық полиция бөлімінің бастамасымен, қауіпсіздік қызметі мамандарының, еріктілердің және қоғамдық көмекшілердің қатысуымен өтті.



Акцияның мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық жеке мәселе емес, адамдардың тағдырын ойрандайтын қауіп екенін қоғамға еске салу. «Үнсіз тұру» форматы да бекер таңдалмаған – бұл отбасында зорлық-зомбылық болып жатқан үйлерде естілмейтін үнсіз жанайқайдың символы.

Қатысушылар паркке БҰҰ-ның зорлық-зомбылыққа қарсы кампаниясының түсі саналатын, үміт пен ынтымақтастықты білдіретін қызғылт-сары элементтері бар киіммен шықты. Акция жәбірленушілерді еске алу әрі тұрмыстық зорлыққа қатысты үндемеуге болмайтынын, уақытында көмекке жүгіну қажеттігін жеткізетін үндеу болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – жасырын зорлық мәселесі туралы ойлануға, жапа шекендерге қолдау білдіруге және үнсіздік қалыпты жағдай болмауы тиіс екенін еске салуға мүмкіндік беретін қауіпсіз орта қалыптастыру.

АЛАЯҚТАН АБАЙЛА!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Елордада «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы мен ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Заң және тәртіп» акциясы мен «Jargyn Bolashaq» жобасы аясында «Цифрлық қауіпсіздік сабақтары» атты ауқымды форум өтті.

Лудоманияның алдын алу, қаржылық сауаттылықты арттыру және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған іс-шараға Мәжіліс депутаттары, мемлекеттік органдардың жетекшілері, танымал блогерлер мен медиа тұлғалар, спортшылар, әртістер және студенттер мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің превенция және аналитикалық әзірлемелер департаменті басқармасының басшысы Медет Несіпбектің мәліметінше, жыл басынан бері интернет алаяқтыққа байланысты Қазақстанда 40-тан аса қылмыстық іс қозғалған. Мұндай қылмыс түрлері әлем елдері бойынша 2019 жылдан бері 500 пайызға артып, биылдың өзінде алаяқтар 200 млн АҚШ долларын жымқырған.

Спикерлер бейтаныс адамдардан, белгісіз сілтемелерден барынша сақ болып, алаяқтардың құрығына түсіп қалмау жөнінде бірнеше кеңес берді.

«Дипфэйк: цифрлық алдаудың жаңа шындығы» тақырыбында дәріс оқыған ҚМА превенция және аналитикалық әзірлемелер департаменті басшысының орынбасары Андрей Давыдовтың айтуынша, жақыныңызға танысыңыздың атынан дауыстық хабарлама жолдау үшін алаяқтарға сол адамның 30 секундтық дауысы жеткілікті. «Мысалы, сізге жақын туысыңыздан немесе анаңыздан дәріге немесе ота жасатуға қаражат сұраған дауыстық хабарлама келуі мүмкін. Сол кезде ақша жолдамас бұрын бірден қоңырау шалыңыз. Дипфэйкті шынайы дауыстан ажырату қиын болуы мүмкін. Алаяқтар тіпті «айналайын» деген сөзді де қолданып, жақыныңыздың дауыс ырғағын дәлме-дәл келтіру мүмкіндігі бар» деді Андрей Давыдов.

ҚАҚПАҚ ЖИНАП, ОРЫНДЫҚ ОРНАТАДЫ

Елордада «Таза Қазақстан» аясында пластик бөтелкелерді қайта өңдеуге тапсыру бойынша жаппай эко-челлендж ұйымдастырылды.

Жоба елордада тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу және олардың іске асырылуын қадағалау аясында, Астана қаласының әкімдігі мен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бастамасымен жүзеге асырылды.

Бағдарламаға университет студенттері, қала тұрғындары және мектеп оқушылары сияқты 500-ден астам волонтер қатысты.

Челленджді BI Group құрылыс компаниясы қолдады: олар 45 тұрғын үй кешенінде бөтелкелердің пластик қақпақтарын жинау акциясын ұйымдастырды. Егер аулалар 15 мыңнан астам қақпақты жинайтын болса, компания тұрғындарға қайта өңделген пластиктен жасалған орындықтар орнатуды жоспарлап отыр.

ЖАСТАР СМАРТФОННАН БАС ТАРТА АЛА МА?

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Күнде үйден шығып бара жатып, лифтіде жолыққан балалардың, бозбала мен бойжеткендердің смартфонына шұқшиып қарап тұрғанын көремін. Олар лифтідегі адаммен амандаспақ түгілі, есік ашылғанда сыртқа шығуды ұмытып кетеді. Кіндігі гаджетке «байланып» туған Z ұрпақ айналасына назар аудармайды. Себебі олар қаршадайынан смартфонды «еміп» өскен. Номофобияның («no mobile phone phobia» – «ұялы телефоннан айрылып қаламын ба деген қорқыныш») құрбаны болған ұрпақты бір жағынан аяйсың, екінші жағынан кінәлай да алмайсың... Бір алаңдатарлығы, оларда интернеттегі әлем-жәлем контентті саналы, сауатты тұтыну мәдениеті жоқ.

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

Біздің қоғамда мектеп оқушысы да, колледж не университет студенті де смартфонды ешқандай шектеусіз қолданып жүр. Әлеуметтік желілердің бәрі ашық тұр. Жақында Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов Қазақстанда балалардың әлеуметтік желілерге тіркелу жасына шектеу қою мәселесін көтерді. Оның айтуынша, балалар TikTok пен Instagram желілерінде бес-алты жасынан бастап ешқандай ата-ана рұқсатынсыз және жеке тұлғаны растаусыз аккаунт аша алады. Басқа елдерде мұндай шектеулер әлдеқашан енгізілген. Мәселен, Дания мен Аустралияда тіркелуге тек 15-16 жастан бастап рұқсат етіледі. Ал АҚШ, Англия және Ирландияда ата-ананың арнайы рұқсаты мен міндетті верификация талап етіледі. Алайда Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің орынбасары Дмитрий Мун Цифрлық кодекс аясында мұндай бастама қарастырылмайтынын ашық айтты. Демек, шектеу қойылмайды деген сөз.

Ал өркениетті елдер бүлдіршіндердің, жастардың денсаулығы мен келешегін ойлап, әртүрлі іс-әрекеттерге баруда. Мысалы, Аустралияда биылғы 10 желтоқсаннан бастап 16 жасқа толмағандарға әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салатын заң күшіне енеді. Премьер-министр Энтони Албаниз бұл шектеу балаларды әлеуметтік желілердің зиянды ықпалынан қорғауды көздейді деп мәлімдеді. Көптеген ата-аналар бұл шешімді қолдап отыр. Дания өзінің білім беру саласындағы саясатын өзгертіп, мектепте ғана емес, оның ауласында планшеттер мен смартфондарды қолдануға толығымен тыйым салатын ереже қабылдады. Білім беру министрі Маттиас Тесфайе цифрландыру үрдісіне қадам басқанда оқушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығы ұмыт қалғанын ашық мәлімдеді. Ұлыбританияның ғылым және технология министрі Питер Кайл кейбір қосымшаларды пайдалануға қатысты «міндетті комендантттық сағат» енгізуді ұсынды. Норвегия әлеуметтік желілерді пайдалануға рұқсат берілетін жас шектеуін 13-тен 15-ке көтерді.

Айтпақшы, Асхат Аймағамбетов мектептерде смартфон қолдануға тыйым салуды ұсынды. Халық қалаулысы Англия, Нидерландыда, еліміздегі НЗМ мен БИЛ-де – мұндай шектеулер бүгінгі таңда бар екенін және ол өз нәтижесін көрсеткенін мысалға келтірді. Шектеудің нәтижесінде оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарып, оқу үлгерімі артыпты. Мұндай тамаша тәжірибе Еуропа елдерінде бар. Оларда «Смартфонсыз балалық шақ» деген ізгілікті насихаттайтын қозғалыс қанатын жайып келеді. «The Independent»-те жарияланған мақалаға сүйенсек, өткен жылы Ұлыбританияның Сент-Олбан қаласындағы 33 мектептің директорлары мен педагогтері ата-аналарға ұжымдық үшбу хат жолдады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің бала психикасына, мінез-құлқына кері әсерін тигізіп жатқанын ашық түсіндіріп, оқушыларға 9-сыныпқа дейін смартфон ұстатпауды өтінді. Қоңыраулар мен хабарламалар үшін интернетке шығу мүмкіндігі жоқ телефондарды пайдалануды ұсынды. Таң қаларлығы, ата-аналардың дені ұтқыр ұсынысты бірден қолдады. Сөйтіп, бастауыш сыныптар мен 14 жасқа дейінгі оқушыларға смартфон қолдануға тыйым салынды.

Арада жарты жыл өткенде мектепке телефон әкелетін 10-11 жастағы балалардың саны 68 пайыздан 7 пайызға азайыпты. «Смартфоннан бас тарту оқушылардың концентрациясы мен әлеуметтік қатынасын жақсартты, олар бір-бірімен шүйіркелесіп, көбірек бірге ойнайтын болды, өзара жанжал азайды» дейді Cunningham Hill School бастауыш мектебінің директоры Мэттью Тавендер. Ресми құзырлы орындар таратқан дерекке үңілсек, Ұлыбританияда бүгінгі таңда 8-11 жастағы балалардың 59 пайызында смартфон бар. 5-7 жастағы балалардың 25 пайызы смартфон қолданады. 8-15 жастағы балалардың 23 пайызы күніне 4 сағаттан аса уақыт экран алдында отырады. Сарапшы-мамандар мектепте ғана смартфонға тыйым салу жеткіліксіз екенін, оқушыларға жалған ақпараттан сақтану, интернеттегі контентті сауатты тұтынудың маңызын түсіндіру қажеттігін айтады.

СМАРТФОНЫҢДЫ ҮЙДЕ ҚАЛДЫР!

«Біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей, осы жазда Instagram-дағы The Offline Club-тың жазылушыларының саны 596 мыңға жетті. Назар аударарлық жайттың бірі, Offline Club Instagram-ды қоса алғанда барлық әлеуметтік желілерден саналы түрде бас тартуды жастарға насихаттайтын алаң. Бұл жобаның негізін салған нидерландтық Джорди, Илья және Валентин деген үш жігіт қызықты аккаунтты жүргізудің мақсатын ашық жазды. «Бүгінгідей смартфондардың шырмауында қалған адамдарға шынайы өмірді, адамгершілікті қайтаруға күшімізді аямай жұмсаймыз!» дейді олар.

Offline Club-тың ниеттестерімен бірлесіп олардың жып-жылы, шынайы кездесулер өткізіп жүргеніне жылға жуықтаған. Алдымен «Сіз өз телефоныңыздан бас тартуға дайынсыз ба?» деген қысқа бейнежазбаны The Offline Club-тың парақшасынан таратады. Сөйтіп, жастарды смартфонсыз жүздесуге шақырады. Күндіз және түнде әлеуметтік желілерге үңілудің орнына кездесуде бірге кітап оқиды, ойын ойнайды, қолөнермен айналысады, бетпе-бет еменжарқын тілдеседі. Бұл – сонау смартфондар әлі шықпаған кездегідей шынайы қарым-қатынастар. «Ұмытылмас қараша! Жыл да аяқталып келеді. Біз өзіміздің телефондарымызбен шынайы қарым-қатынас жасауды жалғастырамыз. Амстердамдағы әдемі шіркеуде @flow_magazine-мен бірлесіп, қолөнер клубының соңғы жиынын өткіземіз. Сондай-ақ метро желісін интернеттен ажыратамыз. Ал Парижде Сіздерді офлайн-серуендер және Ұлттық мате күніне арналған оқырмандар кешіне шақырамыз! Барселонада толыққанды офлайн-қауымдастықпен бірге бір күндік демалыс ұйымдастырамыз. Лиссабонда өтетін детективтер (интернеттен ештеңе іздемеңіздер) оффлайн-кешіне куә болып, одан кейін бір сағаттық оқырмандар рейвіне қосылыңыздар. Бұдан бөлек, оффлайн-жүздесулеріміз Копенгагенде, Лондонда, Миланда, Берлинде және Кельнде өтеді. Осы сілтеме арқылы орындарыңызды алдын ала белгілеп, пікірлер жазылатын жерге «Іс-шараға қатысамын!» деген жазу қалдырыңыздар. Ал әзірше... смартфондарыңыз өшірулі болсын!» деп жазылған Instagram-дағы The Offline Club-тың парақшасында.

Бір қуанарлығы, Нидерландының астанасы Амстердамнан басталған бұл жобаға кейінірек Лондон, Париж, Милан, Лиссабон, Барселона, Копенгагендегі жастар қосылды. Германияның бірнеше қалаларында «Смартфоныңды үйде қалдыр!» деген ұрансөзбен кездесулер өтуде. Гаджеттерден бас тарту идеясын мейрамханалар мен түнгі клубтар да қолдап, өздеріне келушілерге ұялы телефондарын үйде қалдыруды өтініп, хабарлама таратады. Осылайша, Еуропадағы жастар арасында оффлайн-клубтардың танымалдығы артып келеді.

ИНТЕРНЕТСІЗ ӘЛЕМДЕ ӨМІР СҮРГІҢ КЕЛЕ МЕ?

Өткен жылдың соңында Германиядағы Bitkom салалық қауымдастығы әлеуметтік зерттеу жүргізіп, 16-29 жас аралығындағы жандардың күн сайын 3-4 сағат уақытын тек смартфонмен өткізетінін анықтаған. Әлбетте, мұндай жаңалық мәселенің түп-тамырына толықтай үңілуге мүмкіндік бермейтіні анық. Біздің қоғамда жастар тіпті 6-7 сағат смартфонға телміріп қарап, ондағы сүзгіден өтпеген бейәдеп бейнежазбаларды көріп отырады. Алайда шетел жастарының көпшілігі интернетсіз әлемде өмір сүргісі келеді екен. Жуырда Британ стандарттар институтының (BSI) ғалымдары бұрын-соңды жұрт назар аударmаған бір жаңалық ашты. Жаңа зерттеудің нәтижесінде белгілі болғанындай, 16 мен 21 жастағы адамдардың 70 пайызы әлеуметтік желілерде «отырғанда» өзін өте жайсыз сезінетінін айтыпты. Сол себептен сауалнамаға қатысқан жастардың жартысы кешкі сағат 22.00-ден кейін белгілі бір қосымшалар мен веб-сайттарды шектейтін «цифрлық комендантттық сағат» енгізуді қолдаған. Тіпті, олардың 46 пайызы жастық шағын интернетсіз әлемде өткізгісі келетінін жеткізген. BSI-дің зерттеуіне 1293 респондент қатысқан. Ағылшын ғалымдары бұл зерттеудің қорытындыларын бұдан бұрынғы сауалнамалардың нәтижесімен салыстырып қарауда. Мәселен, 2024 жылдың соңында АҚШ-тағы Harris Polls әлеуметтік зерттеулер институты тура осыған ұқсас зерттеу жүргізіпті. Одан мәлім болғаны, американдық жастардың дені «Instagram, TikTok, X сияқты әлеуметтік желілерді ешқашан ешбір адам ойлап таппағанын қалар едік» деген жауабын айтыпты.

АДАМНЫҢ МИЫ 10 ЖЫЛҒА ЖАСАРАДЫ

Жастардың смартфоннан бас тартуға ұмтылуы кездейсоқ жағдай емес. Бір қызығы, ғалымдар смартфон ұстаудан бас тартқан адамның миы бірден жасаратынын дәлелдеді. АҚШ пен Канада ғалымдарынан құралған зерттеушілер тобы белгілі бір уақыт смартфонсыз өмір сүру әр адамның психикасына жағымды әсер етіп, көңіл-күйін бір қалыпқа түсіріп, бақытты сәттердің рахатын толық сезінуге көмектесетінін анықтаған. PNAS Nexus журналында жарияланған зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, интернет-серфингті шектеу адамның миын 10 жылға дейін жасартуы мүмкін. Бұл зерттеуге 467 ерікті адам қатысқан. Олар арнайы қосымшаның көмегімен өз смартфонындағы интернетті екі аптаға өшіріп қойған. Эксперимент екі айға созылып, сол аралықта бірінші топ алғашқы екі аптада, екінші адамдар тобы кейінгі екі аптада интернетсіз өмір сүрген. Тапсырманың қиындығына (бұл жерде тек 119 адам интернетсіз тірлікке тек 10 күн шыдаған) қарамастан, оның нәтижесі де таң қаларлықтай болып шыққан. Смартфонды қолдану уақыты күніне екі есеге дейін – 314-тен 161 минутқа қысқарыпты. Тапсырманы орындаған жандардың көңіл-күйі бір қалыпқа түсіп, соның әсерінен милары тынығып қана қоймай, бірнеше жылға жасарғаны анық сезілген. Депрессиядан айығып, тып-тыныш өмір дағдысына оралғанда не болғанын өздері де түсіне алмай, таңдай қағыпты.

ЕСКІРГЕН ГАЗ БАЛЛОНЫНАН ҚАУІП КӨП

Қазір қолданыста жүрген пропан газ баллондарының 95 пайыздан астамы әбден ескірген. Олар бізге сонау кеңестік кезеңнен мұра болып келе жатыр. Бұл баллондардың кейбірі тіпті 40-50 жыл бойы қолданыста жүр екен.

Оны біз ауылдар мен елді мекендерге барғанда тұрғындардың өз ауыздарынан естідік. Стандарт бойынша 20-30 жыл бұрын утилизацияға жіберілуі керек еді. Есептеулерге сенсек, Қазақстанда 350 мыңға жуық баллонды жедел түрде ауыстыру қажет екен. Біз бұл санды одан да көп деп есептейміз. Себебі ауылды жерлердің басым көпшілігі баллон жағып отырғаны анық. Ал оны жаңасына ауыстыру үшін 1 баллонның құны кем дегенде 80-100 мың теңгені құрайды. Бұл халықтың қалтасына тағы да қосымша шығын әкелері анық. Сондықтан баллондарды жаңалау үшін мемлекет тарапынан субсидиялау тетігін қарастыру керек.

Жұмысты жеделдетпесек қауіп-қатер күн санап көбейе түсетіні айтпасақ та түсінікті. Мысалы, 2023 жылы елімізде осы газ баллондардың 128 жарылу жағдайы тіркеліп, 21 адам қаза тапса, 167 адам жарақат алған. Ашық деректерге сүйенсек, 2024 жылы осындай 17 оқиға орын алып, 6 адам көз жұмып, 36 азамат ауруханаға түскен. Шынайы статистика бұдан да жоғары болуы әбден мүмкін. Биылдың өзінде «газ-ауа қоспасының өршуінің» 97 жағдайы тіркелген. Тағы бір мәселе, халық әлі күнге дейін тұрмыстық газ баллондарын автомобильге газ құю станцияларында толтыруда. Бұл жағдайға заңмен тыйым салынғанын білеміз. Осы станциялардың кейбірінде баллонның жарамдылығын немесе толтыру көлемін бақылауға арналған қажетті құралдар жоқ. Мұндай тәуекелдің 80 пайызы қауіпті екенін сарапшылар айтып отыр. Бұған дейін Премьер-министр нормативтік қызмет мерзімі аяқталған газ баллондарын жою тәртібін реттеу туралы тапсырма берген болатын. Бірақ Премьердің пәрмені толық орындалмай отыр. Осы күрделі жағдайды шұғыл түзету мен адам өліміне жол бермеу мақсатында қарекет жасауымыз қажет.

Наурыз САЙЛАУБАЙ,
Мәжіліс депутаты

№142 (4886) 02/12/2025 Сейсенбі

ЗАМАНАУИ БІЛІМГЕ ҚАДАМ

Шапағат ӘБДІР



Қазіргі таңда жаңа талаптарға сай салынған, заманауи технологиялармен жабдықталған, білім берудің инновациялық тәсілдерін қолданатын жаңа үлгідегі мектептерді біз «Келешек мектептері» деп атап жүрміз. Олар оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға, болашаққа қажетті дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мұнда цифрлық орта, зертханалар, STEAM кабинеттері, коворкинг аймақтары, қауіпсіз әрі қолайлы инфрақұрылым қарастырылған. Жобалық оқыту, сыни ойлау, креатив пен коммуникация сияқты маңызды құзыреттерге де ерекше мән беріледі. Осындай форматтағы білім беру жүйесіне бейімделген мектептің бірі – Астанадағы №103 орта мектеп.

Бүгінде мектепте 126 мұғалім қызмет етеді, 2483 оқушы білім алады. Оқу ордасы ақпараттық қауіпсіздік пен медиасауаттылыққа, құзыреттілікке негізделген білім беруге, STEAM бағыттарының дамуына және цифрландыруға басымдық беріп отыр.

– Технология қарқынды дамыған заманда ақпаратты дұрыс пайдалану, цифрлық этикаға баулу аса маңызды. №103 мектепте «Адал азамат» жобасы аясында осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Қазіргі заманда жасанды интеллект, виртуалды шындық және смарт-технологиялар кең қолданылған сайын оқушының ақпаратпен жұмыс істеу мәдениеті мен медиасауаттылығы басты құндылыққа айналуда. Бұл ретте әділ шешім қабылдау, жауапкершілік пен уәдеге беріктік, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды құрметтеу – мектеп тәрбиесінің негізгі бағыттары. Сондай-ақ оқу үдерісінде жаңа педагогикалық әдістер кеңінен енгізілуде. Әр оқушының деңгейі мен оқу қарқыны ескеріліп, жекеленген оқу жүйесі қолданылады. Orleu LMS және жасанды интеллект платформалары арқылы оқу нәтижелері талданып, әр оқушыға жеке білім траекториялары ұсынылады. Сонымен қатар жобалық жұмыс әдісі дамытылып, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерді арттыру мақсатында түрлі ғылыми, экологиялық, әлеуметтік жобалар жүзеге асырылады. Сабақтарды қызықты әрі интерактивті ету үшін геймификация элементтері енгізіліп, Kahoot, Quizizz, Wordwall секілді платформалар белсенді қолданылады, – дейді мектеп директоры Жанат Айтова.

Білім ошағында цифрлық және техникалық мүмкіндіктер жыл сайын артып келеді. Мұғалімдердің 100 пайызы «Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг» курсынан өтіп, жасанды интеллектті сабақ жоспарын құруда, материалдарды бейімдеуде және бағалау жүйесінде тиімді пайдаланып жүр. Жаратылыстану пәндерінде VR/AR технологиялары енгізіліп, виртуалды зертханалар, 3D-анатомиялық модельдер, AR-карталар қолданылуда. Смарт-сыныптарда интерактивті панельдер, робототехника жабдықтары, Micro Bit, Arduino, Lego Education платформалары оқушылардың инженерлік және алгоритмдік ойлау қабілетін дамытады. Бұдан бөлек, ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуы да мектеп жұмысының маңызды бөлігі. Олар баласының сабаққа қатысуын, мектеп формасын сақтауын, үй тапсырмасын орындауын қадағалап, мұғалімдермен тұрақты байланыста болады. Мектеп ұйымдастыратын іс-шараларға қатысып, тәрбие жұмысына қолдау көрсетеді. Сонымен қатар баланың қауіпсіздігі мен психологиялық жағдайын бақылап, профилактикалық жұмыстарға атсалысады.

> Мектепте 126 мұғалім қызмет етеді, 2483 оқушы білім алады. Оқу ордасы ақпараттық қауіпсіздік пен медиасауаттылыққа, құзыреттілікке негізделген білім беруге, STEAM бағыттарының дамуына және цифрландыруға басымдық беріп отыр

– Мектебімізде инклюзивті білім беру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Оқушылар үшін жеке білім беру бағдарламалары, арнайы модификацияланған тапсырмалар әзірленеді. Логопед, дефектолог, педагог-ассистент, психолог сияқты мамандар тұрақты қолдау көрсетеді. Мектепте сенсорлық бөлме, арнайы оқу құрылғылары, дыбыстық кітаптар, коммуникативтік құрылғылар сынды техникалық құралдар қолданылады. Сонымен қатар пандустар, бағыттаушы белгілер, арнайы жабдықталған кабинеттердің болуы барлық балаға қолжетімді орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Достық атмосфера орнату, буллингтің алдын алу, баланың өзін қабылдауына жағдай жасау да инклюзивті білім берудің ажырамас бөлігі, – дейді мектеп директоры.

Кешенді жұмыс нәтижесінде №103 мектеп, шын мәнінде, «Келешек мектебі» үлгісіне айналып келеді. Заманауи инфрақұрылым, инновациялық әдістер, саналы ұрпақ тәрбиесіне бағытталған құндылықтар бұл оқу ордасының негізгі басымдықтары болып қала бермек.





БАҒДАРЫ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Елордамыздың Сарыарқа ауданында орналасқан №106 жалпы орта білім беретін мектеп – заман талабына сай жаңғыртылған, білім мен болашақ тоғысатын жаңа форматтағы оқу орны. Бұл мектеп – тек білім беретін кеңістік емес, әр баланың жеке әлеуетін ашуға бағытталған үлкен даму орталығы. Мұнда оқушылар жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, өз қабілетін танып, шығармашылық және интеллектуалдық мүмкіндігін кеңейте алады. «Келешек мектебі» жобасы аясында ашылған №106 мектептің инфрақұрылымы жаңаша тұрпатта жасалған.



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

№106 мектептің білім беру процесіне инновациялық бағыт енгізіліп, оқушыларға заманауи талаптарға сай орта қалыптасқан. Мектеп 2024 жылы пайдалануға берілген. Жобалық қуаты – 2000 оқушы (екі ауысымда). Алайда қазіргі таңда мұнда 4604 бала білім алады. Бұл – аталған мектептің сұранысы жоғары әрі сапалы білім беретін оқу орнына айналғанының айқын дәлелі. Мектеп ғимараты 4 қабаттан тұрады және құрылымы үш негізгі блокқа бөлінген: мектепалды даярлық сыныптары, бастауыш сыныптар және орта-жоғары буынға арналған бөлек бөлімдер.

«Оқу орнында 102 оқу кабинеті бар. Олардың барлығы жаңа үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған. Химия, физика, биология, география, информатика кабинеттері соңғы үлгідегі жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, тәжірибе сабақтарын жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. STEM және робототехника кабинеттері оқушылардың инженерлік, алгоритмдік және технологиялық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Лингвистикалық кабинеттерде тіл үйретудің интерактивті әдістері қолданылады. Технология (көркем еңбек) кабинеттері де ұлдар мен қыздарға бөлек арнайы құралдармен жабдықталған. Ал шығармашылық бағыттағы хореография залы, кең акт залы, үлкен кітапхана, 4 спорт залы оқушылардың жан-жақты дамуына жол ашады» дейді мектеп директоры Гүлсан Кеңшілікқызы.

№106 мектепте инклюзивті білім беруге ерекше көңіл бөлінген. Мектепте 64 ерекше білімді қажет ететін бала оқиды. Оларға психолог, логопед, дефектолог мамандары күнделікті қолдау көрсетеді. Сенсорлық кабинет, арнайы оқу бөлмелері және арнайы техникалық құрылғылар балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада білім алуына жағдай жасайды. Жас ерекшелігі мен мүмкіндігін ескеретін жеке бағдарламалар тұрақты түрде қолданылады.

Мектептің басты күші – мұғалімдер. Бүгінде оқу орнында 257 педагог еңбек етеді. Олар үнемі білімін жетілдіріп, жаңа әдістемелерді тәжірибеге енгізіп отырады. Цифрлық сауаттылық, жаңа технологияларды сабаққа енгізу, оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастыру – педагогтардың негізгі жұмыс бағытының бірі. №106 мектепте сабақтар интерактивті форматта өтеді, электронды журналдар қолданылады, ал робототехника мен STEM бағытындағы жобалар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. Бұл мектеп қазақ және орыс тілдерінде оқытады. Білім беру бағдарламасынан жасанды интеллект те тыс қалмаған. ЖИ элементтері барлық сабақта қолданылады, күнделікті сабақтардың тақырыптарына кіріктірілген.





2025-2026 оқу жылында мектеп рекорд жасап, 1-сыныпқа 650 оқушы қабылдады. Ол 26 сыныпты құрайды. Оқушы санының қарқынды өсуі – мектепке деген сенімнің және көрсетілген білім сапасының жоғары болуының көрсеткіші.

№106 жалпы орта білім беретін мектеп – инфрақұрылымы заманауи, технологиялық мүмкіндігі жоғары, білім беру философиясы озық оқу орны. Мұнда әр бала ерекше, әр шәкіртке жағдай бар. Жоба әзірлеу, ғылыми іздену, шығармашылықпен айналысу, тіл үйрену, спортпен шұғылдану – бәрі бір кеңістікте тоғысқан. Бұл мектептен сапалы білім алған бала ертеңгі күнге сеніммен қадам басады. Өйткені бұл – тек мектеп емес, болашақ азаматтардың қалыптасатын ортасы. №106 мектеп – келешекке бағытталған, жанжақты дамитын тұлғалар даярлайтын білім ордасы.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

АУДАРМАДА АВТОР СТИЛІ САҚТАЛУ КЕРЕК ПЕ?

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағының елорда филиалы өткізіп жатқан «Қаламгер ұстаханасы» жобасы бұл жолы көркем аударма мәселелеріне арналды. «Көркем аудармадағы автор стилі» тақырыбындағы дәрісті №8 көпшілік кітапханада белгілі қаламгер, ғалым, аудармашы Кенжебай Ахметов оқыды.



Өз сөзін қазақ әдебиетіндегі аударма өнерінің тарихынан бастаған дәріс иесі кәсіби көркем аударманың алғашқы үлгілері ұлы Абайдан басталатынын, хакімнің сондағы негізгі мақсаты жөнінде ой өрбітті. Оның айтуынша, Абай алдымен әлем әдебиетінің үздік үлгілерін қазаққа танытуды мақсат етті. Абайдың негізгі өмірлік ұстанымы ағартушылық болса, екінші жағынан түпнұсқа авторымен жарысқа түскен. Кенжебай Ахметов мысал ретінде Лермонтовтан аударғандарын келтірді. Қаламгердің пікірінше, бергі уақыттағы ағартушы демократтардың шығармашылығы да Абайдың дәстүрінде келеді.

«Автордың стилін сақтау деген мәселеге менің өзімнің байқауымша, алғаш келген адам Мағжан сияқты көрінеді. Мағжанның аударма өлеңдері шамалы ғана ғой, соны оригиналмен салыстырып қараған кезде ешқандай бір айырмашылық көрмейсіз. Сөздерін сөз қалпында, ұйқасын ұйқас қалпында, үлгісі қандай ұйқаспен берілген, сол ұйқас түрінде келеді. Көлемі, буын саны, бунақ саны бәрін тура орыс тілінде үлгісі қандай, қазақ тілінде де сондай. Мағжанда Кольцовтан аударған «Песня старика» деген өлең бар, сонда ғана айырмашылық бар» деген Кенжебай Кәрібозұлы Мағжан осы өлеңді аударғанда неге автор стилінен ауытқығанын түсіндірді. Оның пікірінше, «Песня старика» орыстың частушкалары үлгісінде жазылды. Мағжан соны түсініп, қазақтың «Жиырма бес» сияқты халық әндеріне салып жіберді. Қазақ ақыны бұл жерде әуезділікке назар аударып, шығарманы ұлтымыздың ұғымына жақындатты.

Қазір көркем аудармаға қойылар талаптарға тоқталған Кенжебай Ахметов бүгінде шығарманың мазмұнын жеткізу немесе оқырманға жеңіл, түсінікті етіп берудің қажеті жоқтығын айтты. Ол түпнұсқада қандай, автор сөзін қазақ тілінде солай етіп жеткізу керек деп есептейді. Ұстазы, академик Зейнолла Қабдоловтың «Стиль дегеніміз – адам» деген сөзін келтірген дәріс иесі оның мәнісін ашты.

«Стиль – ол тек жазу машығы емес, ол шығармадан көрінетін автордың өзі. Автор кім, сол шығармасында көрінеді. Талантты автордың және әуесқойдың жазғаны бірден белгілі болады. Әуесқойдың жазғанында өзіндік мінез болмайды, анағаң да ұқсап тұрады, мынаған да ұқсап тұрады. Мінезі бар, дүниеге көзқарасы бар, түсінігі бар адам жазғанда автордың өзі шығармасын саған оқып беріп тұрғандай әсер етеді» деді Кенжебай Ахметов.

Оның пікірінше, аудармашыға қойылатын басты талаптың бірі – тілді мүмкіндігінше жақсы білу.

«Біздің қазақта женский род, мужской род деген жоқ. Бірақ бізде ер адамға ғана қатысты қолданатын сөздер бар, әйел адамға ғана қатысты қолданатын сөздер бар. Тілді білу деген тек сөзді жаттап алу емес, сөздің бояуы, ішкі грамматикалық мәні, реңкі деген болады. Осының бәрін аудармашы жақсы сезінуі керек» деген дәріс иесі аудармашы тек қана шығарманы аударып қана емес, авторды жақсы танып алу керектігін айтты.

Аудармашы өз еңбегі арқылы мәдениетке қызмет ететініне тоқталған Кенжебай Кәрібозұлы кез келген шығарма белгілі бір деңгейде оқырманның дүниетанымына әсер ететінін, ұлттың ой кеңістігін байытатынын атап өтті. Мәселен, «Мәдени мұра» бағдарламасы аудармашылардың өзін-өзі көрсетуіне үлкен мүмкіндік бергенін, бірақ аталмыш бағдарлама ақша табудың көзіне айналып кеткенін, сол себептен көптеген шалағайлықтар орын алғанын, аударманы нан табудың көзіне, ермекке айналдыруға болмайтынын айрықша айтты.


Аудармашы өзі аударып жатқан шығарманың поэзия, проза, драматургия секілді жанрлық ерекшеліктеріне назар аудару керектігін айтқан Кенжебай Ахметов жақсы аудармашыны қалыптастыру мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, бұл мәселемен мемлекеттік деңгейде айналысу керек. Мектеп түлегін бірден шетелге аудармашылыққа оқытуға жіберген дұрыс емес. Бұған ең алдымен филологиялық немесе журналистік білім берген жөн. Сосын аударма еңбектеріне пікір айта алатын сыншылар керек. Алайда елімізде қазір олар жоқ. Аудармаға байланысты тағы бір мәселе бар. Ол қандай шығармаларды өзге тілден және қазақ әдебиетінен шетел тілдеріне кімдерді аударуымыз керек деген сұрақ.

Қазіргі жасанды интеллект заманында ЖИ шығарманы аударғанмен онда автордың сезімі, жаны болмайтынын айта келе, ЖИ көркем туындыны өзіне тән қасиетінен айыратынын, шығармашылықты адам ғана істейтінін атап өтті. Кез келген шығарманың аудармаларының бірнеше нұсқасы болғаны жақсы екенін айтқан Кенжебай Кәрібозұлы орыс әдебиетінде Гетенің «Фауст» шығармасының отыздан астам нұсқасы барын жеткізе келе, кейбіреуінің ерекшеліктеріне тоқталды. Өзінің шығармашылық лабораториясынан хабар берді.

Кенжебай Ахметов Дантенің «Құдіретті комедиясын», Боккаччоның «Декамеронын», Толстойдың, Цвейгтің, Булгаковтың, басқа да әлемдік классиктердің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ол аталған туындыларды тәржімалағанда шығармашылық тұрғыдан кездескен қиындықтарға, аталған жазушылардың қаламгерлік қырларына тоқталды. «Құдіретті комедияның» «Чистилище» деген екінші бөлімінің атауының қазақша нұсқасын біраз іздеп, ақыры «Барзақ» деп атағанын айтты. Ең кейінгі аударған шығармасы Толстойдың «Воскресение» романы баспаға жөнелтілгенін жеткізді. Дәріске қатысқан адамдар қаламгерге сұрақтарды қойды. Жазушылар одағы Астана филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында жыл соңына дейін тағы бір дәріс қалғанын, келесі жылы мұны жалғастыру жоспарланғанын, сол кезде елордада тұратын қаламгерлердің ғана емес, Тынымбай Нұрмағамбетов, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Светқали Нұржан секілді көрнекті қаламгерлердің дәрістерін ұйымдастыру ойға алынғанын жеткізді.

СУЫРЫПСАЛМА СУРЕТШІ

Сурет өнерінде заттың шекараларын сызық қылып түсіретін, портрет-тұлғалардың көрінетін шеттерін сипаттайтын, оған пішін беретін «контур» дейтін бір әдіс бар. Композиция жасаудың көмекші құралы да бола біліп, дара тұрып-ақ суретке қойылатын барлық талаптарды жалғыз өзі көтере де алатын.



Форманы анықтап, көлем қосып және сезім де тудыратын. Сәуле де көлеңке де болмайтын, бояусыз құр сызықтан тұратын. Сонау Леонардо да Винчи, Эгон Шиле, Матисс пен Пикассо шығармаларында молынан көрініс тауып, мынау біздің халықтың қолөнері мен таңбалы тастарында да кеңінен қолданыла беретін. Зергерлердің сымсуырғышынан өткізе созып алған күміс сымдай, орала иіліп, шиыршықтала бүктеліп шебер шіркіннің кәдесіне жарай кететін. Нүкте де бола қалатын, «бітпес» оюға да айналып шыға келетін.

Қазақтың кәсіпқой өнер әлемінде, оның графика саласында да осы бір «контурлық» әдіс суретшілеріміздің сүйікті мәнеріне айналды. Өзіміз өткен заманның графиктері Қожықов, Қисамединов, Смағұловтардың суреттерімен өссек, енді жиырма бірінші ғасырдың алғашқы ширегінде «контурды» жүгірте жетектеп, зар шағына жеткере, өзінің шығармашылық жолында өркендете байытып, одан кең-мол нәтиже көргеннің бірегейі суретші Рәсілбек Естемесов деп білеміз.

***

Оның графикасы бір қараса қарапайым, қаламсапты ала салып, қағазға жүйткітіп, оп-оңай нобай сызып шыға салғандай көрінеді. Алайда Рәсілбек суретшінің әрбір сызғандары – шикі нобай-долбар емес, толыққанды сурет. Өн бойына игілік пен бақыт, үміт пен мінәжат, данышпан мен немере, балалық пен құштарлық, нәзіктік пен ғашықтықты кезек сыйғыза алған жөні бөлек шығарма. Бір демде сырғи сызыла-созыла салынып, болмысына даналықты, сүйкімділік пен мейірімді, балалардың тәтті қылығы мен қазақы юморды қоса сіңдіріп үлгерген ерекше картина. Олардың бойынан суретші қан тамырларының соққаны мен жүйкесінің майда дірілі сезіледі. Онда нәзіктік пен бұла күш қатар жатады. Дала бұлдырығының қауырсынындай жеңіл, әрі балбал тастарының салмағындай ауыр.

Рәсілбек графикасы тола адамдар десек, оны төңіректей біткен төрт түлік те, ою-өрнек те өз үйлесімін жазбай тауып, жаңағы адамдармен сәтте туысып кете барады. Әулие ағашы да, тоғымы мен тұмары да жарасты. Сыбызғысы ойнақы, қобызы сазды. Картинадан сырға үні естіледі, шолпы сыңғырлайды. Алып бір апорттың үстіне шығып алып Адам ата мен Хауа ана сырласады. Көктем туады, шие гүлдейді. Содан соң ай асты, жер үсті қамсыз тыныштық орнайды. Еміс-еміс бесік тербеле ме, балық шолп ете ме? Үкі дыбыссыз ұша ма, үнсіз жұлдыз аға ма?

Рәсілбек сызықтарының ұлылығы – оның соншалық қарапайым екендігінде. Сөйте тұрып суретші контурының өн бойында жататын ұлттық тамырдың кім көрінгенге таптырмайтындығында. Сонау Күлтегін тас тұғыры, Тасбақадан бастау алатын шығармашылық қуатын еш суретшінің қайталай алмайтындығында. Сол сызықтар әрі кескіндеме, әрі пішін, әрі мүсін жүгін көтеріп тұрған жоқ па, оны кім қайталай алыпты? Сол сызық қалпымен-ақ құпия жүк көтеріп, ішіне беймәлім сыр бүгіп, шешімін таптырмас жұмбаққа айналып тұрған жоқ па, оны кім шеше алыпты?

Рәсілбек суретші өз суреттерін қалай салды? Рас, оңай салды. Аса бір үлкен жылдамдықпен, ыждаһатпен, аса бір үлкен салмақпен, халқымыздың бүкіл рухын шығармаларына демдей дарыта салды. Қолынан шыққан бүкіл картинасын композиция дейтін, көрер көзге көрінбейтін қуатпен шебер көмкеріп, жеріне жете дәл қамтылады. Онда ақтың қараға деген, симметрияның ассиметрияға, қалыңның жұқаға, иректің түзуге, сызықтың даққа, топтың жалқыға, терінің талқыға деген қарама-қайшы қатынасы шебер өріледі. Шашырамайды, тұтастыққа еш нұқсан және келмейді. Картина біткен тас түйін, жұп-жұмыр қалпымен көруші назарынан өтіп, жан дүниесіне сіңіп кетеді. Жанына түсіп жай табады.

Ол өзінің сүйікті әдісін гобелен мен ыдыс-аяққа, үй қабырғалары мен мүсінге де апарып сынады. Негатив, позитив қылып, құбылтып та көрді. Контурының ту сыртын штрихтап, су бояу, гуашьпен де жазып көрді. Суретші құралдарының бойында бұғулы жатқан бар мүмкіндігін өз қолтаңбасын кемелдендіре беруге жұмсады. Бірақ бәрібір контур шіркін қашанда өзгеден бөлек қалпымен андағайлап, менмұндалап тұрады. Дегдар да дара тұрады.

***

Суретшінің қолынан шыққан жанды сызықтар көрген елді тәнті етіп, толқыта да білді. Шығармасын шын түсінгендер көрмесін шыр айналдырып, жалықпай көре беретін дауаға, шеберханасына сан мәрте бұрылып келіп соғатын жан рахатына айналдырды. Тілі тұшымды, көкірегі даңғылдар адамның аузына түсе бермес теңеулер айтып, құлаштап мақалалар жазды. Альбом-каталогы басылды. Шығармасынан докторлық диссертациялар қорғалды. Өнертанушылар да сырт қалмай, суретшінің сандаған көрмелерін өткізді. Өзі кәсіптестері мен суретшілерінің құрметіне бөленді...

Суретшінің қу жанына бұдан артық не керек десек те, Рәсілбек суретшінің ішін кеулеп жататын, жанын жай таптырмайтын бір ашқарақтық бар, ұзақты күн, айлап-жылдап сурет сала беру дейтін.

«Ашқан кен орныңыз» көзіңіз тіріде түгесілмегей дейміз. Кейіпкерлердің басында қонып, әмсе қонып құс отырады, сол құсыңыз ұшпағай дейміз. Бақыт құсындай болып.

Жеңіс КӘКЕНҰЛЫ,
суретші

№142 (4886) 02/12/2025 Сейсенбі

ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ ҚОЙЫЛЫМДАР

Астана қаласы әкімдігінің М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры 125 жылдық мерейтойын атап өтті. Екі күндік бағдарлама ғылыми конференциямен басталып, кітаптың тұсаукесері, мерейтойлық кеш, «Театрдағы түн» іс-шараларымен жалғасты.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Классика мен қазіргі заман драматургиясы» конференциясын аталмыш театрдың режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бекболат Парманов жүргізіп, осы өнер түрінің кешегісі мен бүгінгісі сараланды. Өнертану кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәния Қабдиева Горький театрының өнерде салған соқпағына, ғасырдан астам тарихына тоқталды. Аталған театр актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Наталья Косенко классикалық драматургияны бұрынғы және қазіргі көрермендердің қабылдау ерекшеліктері жөнінде ой толғады. Ресейден арнайы келген қонақ, актер, режиссер, Е.Евстигнеев атындағы музыкалық училище директоры Леонид Чигин «Режиссер спектакль авторы ма, әлде қосалқы авторы ма?» тақырыбында пікірімен бөлісті. Театртанушы, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты театр және кино бөлімінің меңгерушісі, өнертану кандидаты Амангелді Мұқан Қазақстанның орыс театрларында классикалық шығармалардың қойылуы туралы баяндама жасады. Қазақ ұлттық хореография академиясының аға оқытушысы Болат Абдрахманов режиссер Рача Махатаев сахналаған «Шие бағы» спектаклі жөнінде сөйледі. Осы оқу орнының студенті Камилла Шкибаева «Жаздың соңы» спектакліндегі отбасы мәселелері жайында пікірін жеткізді. Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері Айжан Қабылданова мен Гүлназ Оспанова бірі «Евгений Онегин» спектаклі туралы, екіншісі Мольер пьесасының ерекшеліктері жайлы ойларын айтты.

Осы театрдың актрисасы Екатерина Максим «Сол баяғы менмін» кітабының тұсаукесері «Жүректерді жандыратын сиқыр» мерейтойлық кешіне ұласты. Онда театрдың үздік спектакльдерінен үзінділер ұсынылды. «Театрдағы түн» іс-шарасы арқылы көрермендер сахнаның ішкі және сыртқы өмірімен танысты. Соның аясында сахна тілі, актерлік шеберлік, ән айту, билеу, грим бойынша шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Екатерина Максим «Қыстың соңғы демі» музыкалық-пластикалық қойылымын ұсынды.



САХНАДА – ӘЛЕУМЕТТІК ТҮЙТКІЛДЕР

Астанадағы Музыкалық жас көрермен театрында Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермен театры» «Заң және тәртіп» қағидаты аясында әлеуметтік драма жанрындағы «Екі ғұмыр» атты жаңа қойылымының премьерасы өтті.

«Екі ғұмыр» – қазіргі қоғамда жиі кездесетін әлеуметтік түйткілдер, отбасы ішіндегі күрделі қарым-қатынастар мен адамгершілік таңдауларды терең бейнелейтін мазмұнды драма.

Қойылым ел алдында сыйлы тұлға Жұмағұл Сәдуақасұлының отбасындағы күрделі жағдайды көрсете отырып, қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғайды.

Қойылымның қоюшы-режиссері – Бауыржан Нұрбай, сахна суретшісі – Айдана Еңгебай, костюм суретшісі – Іңкәр Каримова, қоюшы хореограф – Айгүл Амандықова, жарық суретшісі – Ермек Мұхтарұлы, дыбыс режиссерлері – Дастан Мерғалиев пен Асылжан Асқаров, режиссердің көмекшісі – Айдана Жетешова. Режиссер Бауыржан Нұрбай қойылымның идеясы туралы баяндап, қазіргі қоғамдағы жаман әдеттерден жастарды сақтандыру керек екенін айтып өтіп, премьераның негізгі мақсаты да – жас ұрпақ арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру, зиянды әдеттердің қауіптілігін көрсету екендігіне тоқталды.



«Оқиға әке мен баланың қарым-қатынасын және оларды қалыптастыратын ортаны суреттейді. Бұл ортада қыздың әкесіне деген махаббаты ерекше орын алады. Бастапқыда ол әкесін ең керемет, ең жақын жан деп қабылдайды. Алайда уақыт өте келе әкесінің қоғамның улануына, жастардың есірткіге тәуелді болуына және лудоманияның күшеюіне үлес қосып жүргенін біледі. Осы шындықты түсінген сәтте баланың әкесіне деген көзқарасы түбегейлі өзгереді» дейді Бауыржан Нұрбай.

ҚҰСБЕГІЛЕР БӘСЕКЕСІ

Абай облысында өткен «Абай салбұрыны – 2025» республикалық құсбегілер турнирінде елордалық спортшылар табысты өнер көрсетті.



27-29 қараша аралығында Абай облысы Абай ауданының Жидебай қорығында «Абай салбұрыны – 2025» республикалық құсбегілер турнирі өтті. Сайыс Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ҚР Құсбегілік федерациясының қолдауымен ұйымдастырылды.

Турнир барысында бүркіт, ителгі және қаршыға баптау бойынша құсбегілер сайысымен қатар, қазақы тазы жүгірту, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар мен басқа да этно бағдарламалар өткізілді. Биылғы дүбірлі додаға еліміздің 12 өңірінен 70-ке жуық бүркіт, 14 ителгі, 15 қаршыға және 20-дан астам тазы қатысты.

Ұлттық ойын бәсекесінде елордаңың намысын Досыманов Аян, Күнтуған Серікбек, Күнтуған Диас және Серікбекұлы Ерасыл абыройымен қорғады. Әсіресе Серікбекұлы Ерасылдың нәтижесі өзгелерден дара көрінді. Бүркіт сайысында I орын, Қаршыға сайысында II орын иеленіп, елордалық команданың мерейін үстем етті.

Жарыстың нәтижесін қорытындылап, жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттау рәсіміне Абай облысының әкімі, ҚР Құсбегілік Федерациясының Президенті Берік Уәли арнайы қатысып, ұлттық өнерді дәріптеуге үлес қосқан құсбегілерге алғысын білдірді.

Жидебай өңіріндегі этноауылда өткен турнир ұлттық спортты кеңінен насихаттап, дәстүрлі құсбегілік өнердің мәртебесін арттырды. Елорда спортшыларының бұл жетістігі жас буынның бабадан қалған асыл өнерді лайықты жалғап келе жатқанын көрсетеді.

АСТАНАЛЫҚТАР ТОП ЖАРДЫ

Ақтау қаласында 2009-2010 жылы туған жасөспірімдер арасында дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионаты өз мәресіне жетті.



Еліміздің 20 облысынан 839 балуан қатысқан байрақты бәсекеде Астана қаласының спортшылары жекелей сында 1 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды.

Жекелей сын нәтижесінде елордалық балуандардың ішінде III орынды Әмина Сапарбек (63 кг) алса, 70 кг салмақта Сара Ғабитова да үздік үштікке енді. Сонымен қатар +90 кг салмақта Ермұрат Нұрахметов пен 90 кг салмақта Шыңғыс Қонысбек те III орын иеленді. Ал 66 кг салмақ дәрежесінде Мансұр Әсемхан II орынға ие болды. Бұдан бөлек, Алина Ерсейіт (52 кг) пен Сара Тукунова (63 кг) чемпионатты V орынмен аяқтап, үздік бестікке кірді.

Осылайша, чемпионаттың соңғы күнінде өткен аралас-командалық кездесуде Астана құрамасы айқын басымдық танытып, жалпыкомандалық есепте чемпион атанды. Күміс жүлдені Қызылорда облысының командасы иеленсе, үздік үштікті Маңғыстау және Түркістан облыстарының спортшылары бөлісті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен жасөспірімдер ұлттық құрама сапына қабылданып, 2026 жылы Иорданияда өтетін әлем чемпионатында ел намысын қорғайтын болады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 142
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ